

**"Ақниет Образовательный Центр" ЖШСның өзін – өзі бағалау
нәтижелерін қорытындылау № 5 педагогикалық кеңесінің күн тәртібінде
қосымша қаралды.**

№ 5 хаттамасы

Қатысқандар:3

Күні: 30.04.2026ж

Төрайымы: **Борибекова А.С.**

Күн тәртібінде:

1. **«Ақниет Образовательный Центр» ЖШСның өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелерімен таныстыру.**

Тыңдалды:

Өзін – өзі бағалау комиссия төрайымы балабақша меңгерушісі

Борибекова А.С. мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы бойынша есеп берудегі сөз кезегін әдіскер Қ. Қуанышбаеваға ұсынды.

1.Қ. Қуанышбаева сөз алып педагогикалық кеңеске қатысушыларды өзін-өзі бағалау бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды нәтижелерімен таныстырды.

Мектепке дейінгі ұйым 2022 жылы қараша айында ашылған. Жеті топтық 170 орындық мемлекеттік тапсырыс орналастырылған. Балабақшаға балаларды қабылдау gu.almobl.kz электронды портал арқылы іске асырылған. Балалардың жеке құжаттары мемлекетті қызмет көрсету тізіміне сәйкес қабылданады.

Мектепке дейінгі оқытудың мазмұны: Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша басшылыққа ала отырып әр топтың күн тәртібі құрылып, перапективалық жоспары құрылып ,апталық циклограммалар жасалынған, оның ішіндегі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары мен мақсаттары көрсетілген.Барлық аталған құжаттар бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік

қағидаларының жалпы ережесіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар қызмет тәртібіне сәйкес қағидада көрсетілген бөлімдер бойынша жұмыс атқарады. Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бар қайта даярлау курстарынан өткен педагогтер жұмыс жасайды. Жалпы балабақшаның штаттық кестесі 33,5 бірлігін құрайды, оның ішінде педагогтер -11. Әдістемелік ұсынымдардың 4,5 қосымшаларына сәйкес тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық техникалық база толық қамтылған, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасалынған, білім алушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Тәрбиеленушілердің жеке даму мониторингі, жеке даму карталары жасалынған. Тәрбиеленушілердің білім сапасының қорытынды нәтижелері шығарылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктмесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі сақталынған.

2. Өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы «Ақниет Образовательный Центр» ЖШС-ның меңгерушісі Майлаганова Жанар сөз алып, қатысушылардың алып - қосатын және туындаған сұрақтары, ескертулері «бар, жоқ» туралы сұрады. Қатысушылар қорытынды есепті бір ауыздан мақұлдады.

Шешім:

1. "Ақниет Образовательный Центр" ЖШС-ның бағаланған жұмыс нәтижелері жақсы көрсеткіш деп танылсын.
2. Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2026 жылы қыркүйек айында өтетін мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалау құжаттары аттестаттауға ұсынылсын.

"Ақниет Образовательный Центр" ЖШС

меңгерушісі: **Борибекова А.С.**

